

Қазіргі мектептің тәрбие жұмысы үдерісіндегі педагогикалық қолдау



Педагогикалық қолдау

оқушымен бірлесіп оның қызығушылықтарын, мақсаттарын, мүмкіндіктерін және оған адамгершілік қасиетті сақтауға, өзін - өзі ұйымдастыруда позитивті нәтиже қол жеткізуге кедергі жасайтын мәселелерді жеңу жолдарын анықтау

тәрбиеленуші сенімінен шығу;

мұқтаж болған тәрбиеленушілерге қол ұшы жәрдемін беріп, қолдап-қуаттау.

Педагогикалық қолдау

```
graph TD; A[Педагогикалық қолдау] --> B[Өсуіне және жетілуіне жағдай жасау]; A --> C[Баланың өзіндік таымдық және өмірлік тәжірибе алу мүмкіндігін беру]; A --> D[Өз ісінің субъектісі болу мүмкіндігін беру, жеке танымдық тәжірибесін дамыту];
```

Өсуіне және
жетілуіне жағдай
жасау

Баланың өзіндік
таымдық және
өмірлік тәжірибе алу
мүмкіндігін беру

Өз ісінің
субъектісі болу
мүмкіндігін беру,
жеке танымдық
тәжірибесін
дамыту

Педагогикалық қолдаудың мәні:

- жайма-шуақ психологиялық жағдай жасау;
- тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына шарт-жағдайлар түзу;
- өз қадір-қасиеті мен ар-намысын сақтап қалуға және ұтымды нәтижеге жету жолындағы кедергілерді бірлікті жеңіп бару;
- «жәрдем бер» деп алақанын ашық жайып отырғанға ғана емес, достық ықылас-ниетке мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету; әрқандай тәрбиешінің өмірдегі өз орнын табуға құштарлық білдірген тәрбиеленуші проблемаларын өз назарында ұстай білуі;
- тәрбиешінің кәсіби деңгейінің жоғары болуы.

Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары

тәрбиеленушіге
сенім; оның
құқығын қорғау;


тәрбиешінің
балаға болған
қамқорлық
қатынасы;

жылы лебіз;

кұлақ сала білу,
қажет болса –
кеңес беру;

шәкірттің қандай да
табысын көре танып,
оған ұнамды баға
беруден жалықпау

Педагогикалық қолдау



тәрбиеленушілердің баршасына бағытталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрінумен өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізеді;



жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне, өз басы проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап баруға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдаудың мазмұны – адамды алда көздеген нәтижелерден алысқатататын кедергілерді жеңу жолдарын қамтиды. Мұндай кедергілердің түрі:

- **субъектив (тұлғалық)** «Мен» - кедергілер:
 - өз бетінше дербес шешім қабылдауға қажет ақпараттың болмауы (ақпарат толықса, кедергі сол бойда жойылады);
 - адамның қосымша еңбектенуінің қажеттігі (қол ұшы жәрдем беріп, ынтасын көтеру);
 - тұлғаны күйзеліске келтіретін кемшіліктер (тән-денелік, психикалық, арақатынастық);
 - білім және тәжірибе жетіспеуі;

- **объектив (әлеуметтік)** «Олар» - кедергілер: (әлеуметтік орта – мұғалімдер, әкімшілік, дос-жарандар, құрбы-қатарлар, отбасы және басқалар).

- **материалдық кедергілер** (отбасының қаржылық жағдайы және т.б.).